

«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития». - 2018. – Т.1, Ч.2. - Б. 343-344.

ШАРУА (ФЕРМЕРЛІК) ҚОЖАЛЫҚТАРЫН ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІКТЕРІ

Бердіжаров Б.Е., аға оқытушы, магистр

Қазіргі кезде елімізде шаруа (фермерлік) қожалықтар саны өзге шаруашылық түрлерінен көп болғанымен, өнім беру жағынан әлде қайда артта келеді. Сонымен қатар, бұл шаруа (фермерлік) қожалықтары жердің құнарлы қабатын тыңайтқыштармен қамтамасыз етпеуі былай тұрсын, ауыспалы егістіктерді ұйымдастырмайтын болып шықты. Себебі, жерлері аз болғандықтан алапқа жыл сайын бір ғана дақыл түрін еге беретіндігі белгілі. Бұл өз кезеңінде жердің эрозияға ұшырауына алып келеді. Сонымен қатар, ішкі шаруашылық жерге орналастыру жұмыстары дұрыс жүргізілмеген.

Статистикалық мәліметтерден байқағандай 2009-2012 жылдар арылығында шаруа (фермерлік) қожалықтарының жыл сайын жалпы ауданы 42 840,8 гектардан 49 793,4 гектарға дейін өсім көрсетті. Сонымен қатар, егістік жерлері де 2008 жылдан 2012 жылға дейін 776,6 га дейін артса, шабындық пен жайылымдар алқабы 6 625,4 га артты.

Бұл дегіміз, шаруа (фермерлік) қожалықтар өз ауданын көбейткендігін білдірмейді. Нақты айтар болсақ, 2008 жылғы қожалық саны 169 481 дананы құраған болатын. Алайда, 2012 жылы қожалықтар саны 4 625 қысқарып, республика бойынша жалпы саны 164 856 құрайды. [1]

Жер пайдаланушылардың 2012 жылғы жылпы пайдаланудағы 90 341,9 мың га жердің 40 244,8 га ауыл шаруашылығы кәсіпорындары иілігінде болса, 49 793,4 мың га жер шаруа (фермерлік) қожалықтарының иілігінде, қалған 303,7 мың га жер азаматтардың және жеке пайдаланушылардың иілігінде екен. Соның ішінде: егістікке тиісілі 24 403,4 мың га жердің 14 956,5 мың га ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына тиісілі болса, 9 224,9 мың га жер шаруа (фермерлік) қожалықтарына тиісілі. Ал қалған 222,0 мың га жер азаматтардың және жеке пайдаланушыларына тиісілі болып табылады. Осы сынды шабындықтар мен жайылымдар үлесіндегі 63 1910 мың га жердің 24 108,6 мың га ауыл шаруашылығы кәсіпорындары үлесінде болса, 39 050,5 мың га жер шаруа (фермерлік) қожалықтары үлесінде, қалған 31,9 мың га жер азаматтардың және жеке пайдаланушылары үлесіне жатады екен. Бізге берілген ақпараттарда ауыл шаруашылығы кәсіпорындары шаруа қожалықтарынан алқаптары да және берер өнімі де орасан көп. Соған қарамастан, шаруа (фермерлік) қожалықтарының ірі қара малдың және қой мен ешкінің етке өткізілген өнімі 21 мың тоннаға артқан. Бұл шаруа (фермерлік) қожалықтарының бәсекеге төтеп бера алатындығын айтады.

Әрине ол үшін шаруа қожалықтарының барлық техникалық саймандары, бәсекеге төтеп беруі мен қатар тәжірбиесі мол болу керек. Ал, ауыл шаруашылық алқаптары болғанымен қаражаттары, техникасы немесе тәжірбиесі болмаған қожалықтардың жағайы мүшкіл болып қала береді. Бұл мәселені шешу үшін шаруа (фермерлік) қожалықтарды біріктіріп ірілендіру негізгі мақсат болып табылады. Шаруа (фермерлік) қожалықтарын ірілендіру арқылы жоғарыдағы шешімін таппай отырған мәселелерді жоюға және шаруа қожалықтарын жерге орналастыру жұмыстары кезіндегі экономикалық тиімділіктерін арттыруға мүмкіндік туары сөзсіз.

Осыған орай, шаруа (фермерлік) қожалықтарын жерге орналастырудағы экономикалық тиімділіктері келесілерді құрайды:

- Шаруа (фермерлік) қожалықтарын жерге орналастыру кезінде жер учаскелерін бір-біріне жақын орналастыру;
- Шаруа (фермерлік) қожалықтарын ірілендіру арқылы ауыспалы егістіктерін реттестіру;
- Жердің құнарлы қабаттарын үздіксіз тыңайтқыштармен қамтамасыз етілуі арқасында жердің сапасын арттыру;
- Өнімдерін тапсырыс берушіге үздіксіз жеткізіп тұру кепілдігі арқасында өнімдерін жыл санап арттыруын қадағалау;
- Ірі қара мал және құс санын арттыру арқылы отандық өнімді көбейту т.б. [3]

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан 2012 жылы» статистикалық жылнамалығы. - Астана 2012. - 293 б.
2. Рахметов Е.Ш. Правовые проблемы развития крестьянских хозяйств Украины. ВМУ, Серия 11, Право, 1991, №2.
3. N.Ozeranskaya, T.Karbozov, A.Bekturganova, B.Zhuparkhan, V.Kononova. Optimization of Land Use in The Agricultural Landscapes of Northern Kazakhstan On the Basis of the Landscape Approach.
<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57021718200>